

Документ: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы (2024.17.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 07.10.2018 г.

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы**

*(2024.17.06. берілген [өзгерістер мен толықтырулармен](#))*

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының [15-бабы екінші бөлігінің 75\) тармақшасына](#) сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі [қағидалары](#) бекітілсін.

2. Мына:

1) «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 237 [қаулысының](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12994 болып тіркелген, 2016 жылғы 2 наурызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 237 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 қыркүйектегі № 187 [қаулысының](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15907 болып тіркелген, 2017 жылғы 24 қазанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Жоспарлау және бюджет басқармасы (Әдібаев А.С.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

Документ: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы (2024.17.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 07.10.2018 г.

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік [тіркеуді](#);

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми [жарияланған](#) күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк Төрағасы

Д. Ақышев

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2018 жылғы 27 тамыздағы  
№ 192 [қаулысымен](#)  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидалары**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

*ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2020.18.05. № 70 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2021.19.04. № 43 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#);*

Документ: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы (2024.17.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 07.10.2018 г.

*2022.22.06. № 55 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2023.27.03. № 23 Қаулысымен (2023 ж. 15 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 1-тармақ өзгертілді*

1. Осы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) оның құрылымына кіретін ведомстволардың, ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Ұлттық Банкке тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың мыналарды:

кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалардан еңбек шарттары және ақылы қызмет көрсету шарттары бойынша сатып алынатын қызметтерді;

монетарлық қызметті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын және бірыңғай жинақтау зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару бойынша қызметті жүзеге асыру үшін қажет тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

іссапар шығыстарын;

жарналар (салымдар), оның ішінде заңды тұлғалардың жарғылық капиталына жарналар (салымдар) енгізуді;

бағалы қағаздарды сатып алу;

басқару органы және бақылау кеңесінің мүшелеріне сыйақылар төлеуді;

өкілдік шығыстарымен байланысты тауарларды, көрсетілетін қызметтерді;

егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелердің көрсетілетін қызметтерін;

соттардағы, төреліктердегі және аралық соттардағы дауларды шешу үшін қажетті алымдарды, басқа шығыстарды төлеуді;

Қазақстан Республикасының немесе басқа елдердің заңнамасында айқындалған алымдарды және төлемдерді төлеуді;

мемлекеттік тапсырыстарды орындаумен байланысты өнімді өндіруге арналған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

адвокаттардың, нотариустардың, жеке сот орындаушыларының көрсетілетін қызметтерін;

сақтандыру қызметтерін қоспағанда, трансфер-агент көрсететін қызметтерді, қаржылық қызметтерді;

бағалы қағаздардың шетелдік депозитарийі және банктер көрсететін қызметтерді, оларды көрсету үшін қажетті тауарлар мен қызметтерді, сондай-ақ Қазақстанның зейнетақы жүйесін Жаһандық зейнетақы индексіне енгізу қызметтерін;

мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі көрсетілетін қызметтерді;

уақытша сақтау қоймалары көрсететін қызметтерді және осындай қызметтермен байланысты алымдарды, басқа да төлемдерді төлеуді;

«Назарбаев Университеті» білім берудің автономды ұйымында оқыту, сондай-ақ курстарда, семинарларда, тренингтерде, тағылымдамаларда және жоғары оқу орнынан кейінгі шетелдегі жоғары білім саласында біліктілігін арттыру бойынша көрсетілетін қызметтерді;

Документ: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы (2024.17.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 07.10.2018 г.

дүлей күш жағдайларының туындауы кезінде өткізілетін іс-шаралар шеңберінде, оның ішінде төтенше оқиғаларды және олардың салдарларын алдын алуға және жоюға бағытталған, сондай-ақ тез арада қалпына келтіруді талап ететін тетіктердің, агрегаттардың, жабдықтардың, бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етулердің, қосалқы бөлшектердің және материалдардың сынуы, істен шығуы туындағанда (расталу құжаттары болған кезде), электр энергетикалық объектілердегі, тіршілікті қамтамасыз ететін коммуникациялық жүйелердегі, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілеріндегі, ерекше маңызды мемлекеттік объектілердегі және террористік тұрғыдан осал объектілердегі, сондай-ақ өнеркәсіп салаларының және қызмет түрлерінің Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10310 болып тіркелген «Қауіпті өндірістік объектілерді сәйкестендіру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 353 [бұйрығына](#) сәйкес қауіпті өндірістік объектілер ретінде сәйкестендірілген объектілеріндегі апаттарды жою үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде орналасқан филиалдарының және өкілдіктерінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ ішкі кооперация бойынша сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

тауар биржалары арқылы тауарларды;

мемлекеттік бағдарламаларды, Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдерін және тапсырмаларын, Ұлттық Банк Басқармасының немесе Директорлар кеңесінің шешімдерін іске асыру үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді. Ұлттық Банктің Директорлар кеңесінің шешімдері негізінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді иелену жағдайларының тізбесі осы Қағидаларға [1-қосымшада](#) көзделген;

құқықтық тәртіпті, ұлттық, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы [заңнамасын](#) және қолжетімділік шектелген өзге де ақпаратты сақтау қажеттілігіне байланысты тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

мемлекеттік және табиғи монополия субъектілерінен тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер алуды;

сумен жабдықтау, кәріз, газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау қызметтерін;

Қазақстан Республикасының немесе басқа елдердің заңнамасында белгіленген бағалар мен тарифтер бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

мемлекеттік мүлікті жекешелендіру кезіндегі сауда-саттықтарда (аукциондарда), тендерлерде өткізілетін мүлікті;

сатып алынатын тауарларға қатысты ерекше құқықтары бар тұлғадан зияткерлік меншік объектілері болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

шетелдік құқықты қолдануға байланысты мәселелер мен (немесе) құжаттар бойынша, тапсырыс берушінің мүдделерін халықаралық төрелікте, халықаралық коммерциялық төрелікте, шетелдік сот органдарында, сондай-ақ дауларды төрелік (соттын) реттеуге дейін қорғау және білдіру, істі қарау перспективаларын бағалау бойынша консультациялық және

Документ: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы (2024.17.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 07.10.2018 г.

заң қызметтерін қоспағанда, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді иелену тәртібін айқындайды.

*ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2020.18.05. № 70 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2021.19.04. № 43 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2022.22.06. № 55 Қаулысымен (бұр.ред.қара) 2-тармақ өзгертілді; ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2023.31.07. № 58 Қаулысымен (2023 ж. 20 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2024.24.05. № 29 Қаулысымен (2024 ж. 17 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 2-тармақ жаңа редакцияда*

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуетті жеткізуші - тапсырыс берушімен сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер заңды тұлға, заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум), кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға. Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлға осы жеке тұлғаға жекеменшік құқығымен тиесілі тұрғынжайды тапсырыс беруші сатып алған (жалға алған) жағдайда, әлеуетті жеткізуші болады;

2) әлеуетті жеткізушінің үлестес тұлғасы - әлеуетті жеткізушінің шешімдерін айқындайтын және (немесе) ол қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде жазбаша нысанда жасалған мәміленің күшіне орай ықпал ететін кез келген жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ өзіне қатысты әлеуетті жеткізушінің осындай құқығы болатын кез келген жеке немесе заңды тұлға;

3) біртекті тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер - бірдей болмаса да, сол бір функцияларды орындауына және бірін-бірі алмастырушы болуына мүмкіндік беретін ұқсас сипаттамалары бар және ұқсас құрауыштардан тұратын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер;

4) біріздендіру - тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді рұқсат етілетін элементтер мен шешімдер тізбесін қысқарту, оларды біртектілікке келтіру арқылы артық әртүрлілікті жоюға бағытталған сатып алу;

5) бюджет - тапсырыс берушінің бюджеті (шығыстар сметасы), бизнес-жоспары (жылдық бюджеті), даму жоспары;

6) жеткізуші - тапсырыс берушімен сатып алу туралы жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлға, заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум), кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға. Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жекеменшік құқығымен тиесілі тұрғынжайды тапсырыс беруші сатып алған (жалға алған) жағдайда, мұндай жеке тұлға жеткізуші болады;

7) жұмыс - заттық нәтижесі бар қызмет, сондай-ақ жұмыстарға жатқызылған өзге де қызмет;

8) көрсетілетін қызмет - тапсырыс берушінің қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған, заттық нәтижесі жоқ қызмет;

9) қаржы жылы - ағымдағы жылғы 1 қаңтарда басталып, 31 желтоқсанда аяқталатын уақыт кезеңі;

10) құрылыстағы кешенді жұмыстар - жобалау және іздестіру жұмыстары, салу (оның ішінде «толықтай дайын») және көрсетілген жұмыстарға ілеспе көрсетілетін қызмет және (немесе) тауар жеткізу қамтылатын жұмыстар жиынтығы;

11) сараптама комиссиясы (сарапшы) - сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекше нұсқамасын әзірлеуге қатысу және (немесе)

Документ: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы (2024.17.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 07.10.2018 г.

әлеуетті жеткізушілер ұсыныстарының сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қатысты тапсырыс берушінің техникалық ерекше нұсқамасының талаптарына сәйкес келетіні не сәйкес келмейтіні туралы сараптамалық қорытындыны дайындау үшін тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) құратын (айқындаған) алқалы орган (маман);

12) сатып алу - тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тапсырыс беруші бюджетінің қаражаты есебінен Қағидаларда белгіленген тәртіппен сатып алу;

13) сатып алу порталы - электрондық сатып алуға қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын ақпараттық жүйе;

14) сатып алу туралы шарт - Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және Қағидаларға сәйкес тапсырыс беруші мен жеткізуші арасында тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету үшін жазбаша нысанда жасалған азаматтық-құқықтық мәміле;

15) сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімі - тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу мақсатында тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Қағидаларға сәйкес жүзеге асыратын өзара байланысты, жүйелі іс-шаралар кешені;

16) сатып алуды ұйымдастырушы - тапсырыс берушінің бөлімшесі, филиалы немесе ведомствосы, тапсырыс берушінің шешімімен сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімі үшін жауапты болып айқындалған заңды тұлға;

17) стандарттау - нақты және әлеуетті міндеттерге қатысты жалпыға бірдей, көп мәрте және ерікті пайдалану ережелерін белгілеу арқылы тауарға, жұмысқа, көрсетілетін қызметке және процестерге қойылатын талаптарды реттеудің оңтайлы дәрежесіне қол жеткізуге бағытталған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

18) тапсырыс беруші - бөлімшелері, филиалдары, өкілдіктері, ведомстволары арқылы Ұлттық Банк, сондай-ақ Ұлттық Банктің құрылымына кіретін ұйымдар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Ұлттық Банкке тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар;

19) тауар - нәрсе (зат), оның ішінде жартылай фабрикат немесе қатты, сұйық немесе газ тәріздес күйдегі шикізат, электр және жылу энергиясы, шығармашылық зияткерлік қызметтің объективтендірілген нәтижесі, сатып алу-сату мәмілелерін жасасуға болатын заттық құқықтар;

20) тендерлік комиссия - тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды өткізу үшін тапсырыс беруші құратын алқалы орган;

21) ұзақ мерзімді шарт - 12 (он екі) айдан аса мерзімге жасалатын сатып алу туралы шарт;

22) Ұлттық Банктің ұйымдары - Ұлттық Банктің құрылымына кіретін ұйымдар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Ұлттық Банкке тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар;

23) ішкі кооперация - тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) Ұлттық Банктен немесе Ұлттық Банктің ұйымынан не олардың үлестес тұлғаларынан олардың ережесінде немесе жарғысында көзделген, сондай-ақ тапсырыс берушінің қызметін

Документ: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы (2024.17.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 07.10.2018 г.

тоқтаусыз және үздіксіз жүзеге асыруды қолдауға және қамтамасыз етуге бағытталған қызмет шеңберінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;

24) электрондық әмиян - сатып алу порталы операторының банктік шотына әлеуетті жеткізуші немесе жеткізуші тендерлік өтінімдерді қамтамасыз етуге, сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуге ақша енгізген кезде сатып алу порталы операторының ақпараттық жүйесінде көрінетін әлеуетті жеткізушінің немесе жеткізушінің жеке шоты;

25) электрондық сатып алу - «Қазақстан Ұлттық Банкінің Банктік сервис бюросы» акционерлік қоғамы оператор болып табылатын сатып алу порталын пайдалана отырып тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

3. Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) сатып алуды жүргізу кезінде мынадай қағидастарды негізге алады:

1) сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) Қағидаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті жеткізушілерге сатып алуды өткізу рәсіміне қатысуы үшін тең жағдай жасау;

3) әлеуетті жеткізушілер арасындағы адал бәсекелестік;

4) сатып алу процесінің жариялылығы және айқындылығы.

5) ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

4. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу процесінде:

1) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарын қалыптастыру және бекіту;

2) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушіні таңдау және онымен сатып алу туралы шарт жасау;

3) сатып алу туралы шартты орындау қамтылады.

5. Сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындау үшін тапсырыс беруші өзінің шешімімен сатып алуды ұйымдастырушыны айқындайды.

6. Тапсырыс берушілер заңды тұлғаны сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы ретінде айқындауға құқылы. Сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындауға жауапты сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы тапсырыс берушілердің бірлескен шешімдерімен айқындалады.

*ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 [Қаулысымен](#) 6-1-тармақпен толықтырылды; ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.18.05. № 70 [Қаулысымен](#) 6-1-тармақ өзгертілді ([бұр.ред.қара](#)); ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2024.24.05. № 29 [Қаулысымен](#) 6-1-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 17 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))*

6-1. Сатып алу порталының операторы:

1) сатып алу порталын ендіруді, дамытуды, қолдауды және жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді;

2) сатып алу порталын дамыту жөніндегі жобаларды басқаруды;

3) тапсырыс берушілер мен әлеуетті жеткізушілерге сатып алу порталына қол жеткізуді ақылы негізде қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Тапсырыс берушілер мен әлеуетті жеткізушілердің сатып алу порталына қол жеткізу қызметтерінің бағасын сатып алу порталының операторы белгілейді;

Документ: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы (2024.17.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 07.10.2018 г.

4) тапсырыс берушіге (сатып алуды ұйымдастырушыға), әлеуетті жеткізушілерге сатып алу порталының жұмыс істеуі мәселелері бойынша өтеусіз негізде консультациялық көмек көрсетуді;

5) сатып алу порталында орналастырылған электрондық ақпараттық ресурстарды сақтаудың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді;

6) Қағидаларға сәйкес сатып алу порталын ақпараттық толықтыруды қамтамасыз етуді;

7) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін, мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды интеграциялау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша уәкілетті субъектілермен өзара іс-қимыл жасауды;

8) Қағидаларда айқындалған тәртіппен сатып алу порталында тендерлік өтінімдерді қамтамасыз етуге, шарттың орындалуын қамтамасыз етуге әлеуетті жеткізушінің, жеткізушінің электрондық әмиянына орналастырылған ақшаны енгізу және қайтару процесіне операциялық ілеспе қызмет көрсетуді қамтамасыз етуді;

9) бұрын жасалған сатып алу туралы шарттар бойынша міндеттемелерін орындамаған жеткізушілердің, сондай-ақ сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті жеткізушілердің дерекқорын (бұдан әрі - дерекқор) жүргізуді жүзеге асырады.

Сатып алу туралы шарттар бойынша міндеттемелерді орындамағандарға тауарды жеткізбеген, қызметтерді көрсетпеген және жұмыстарды орындамаған, оның ішінде толық көлемде орындамаған, олармен тапсырыс беруші сатып алу туралы шарттарды біржақты тәртіппен не заңды күшіне енген сот шешімі бойынша бұзған жеткізушілер жатады.

Дерекқор барлық тапсырыс берушілер үшін бірыңғай болып табылады және сатып алу порталында орналастырылады.

*ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.18.05. № 70 Қаулысымен 6-2-тармақпен толықтырылды*

6-2. Сатып алу порталының операторы Қағидалардың [176-1](#) және [192-1-тармақтарына](#) сәйкес тапсырыс берушілер жіберетін ақпаратты алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде оны шартты бұзу және әлеуетті жеткізушіні шарт жасасудан жалтарған деп тану күнін көрсете отырып, дерекқорға орналастырады.

Жеткізуші немесе әлеуетті жеткізуші туралы ақпарат өзі мен тапсырыс беруші арасындағы шарт бұзылған не ол шарт жасасудан жалтарған деп танылған күннен бастап 2 (екі) жыл өткеннен кейін дерекқордан алып тасталады.

7. Өткізілетін (өткізілген) сатып алу жөніндегі құжаттарды тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) бекітілген іс номенклатурасына сәйкес тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) сақтайды.

*ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2024.24.05. № 29 Қаулысымен 8-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 17 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

8. Әлеуетті жеткізуші мен оның үлестес тұлғасы бір тендерге (лотқа) қатыспайды.

Әлеуетті жеткізуші:

егер ол тапсырыс беруші үшін байланыс арнасының (негізгі желі) қызметтерін көрсететін жеткізуші болса, байланыс арнасының қызметтерін (резервтік желі) сатып алуға;

егер ол тапсырыс беруші үшін байланыс арнасының (резервтік желі) қызметтерін көрсететін жеткізуші болса, байланыс арнасының қызметтерін (негізгі желі) сатып алуға қатыспайды.



Документ: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы (2024.17.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 07.10.2018 г.

*ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2024.24.05. № 29 Қаулысымен 1-1-тараумен толықтырылды (2024 ж. 17 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді)*

## **1-1-тарау. Тендерлік өтінімдерді қамтамасыз етуді, электрондық әмиянға орналастырылған ақша түрінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және қайтару тәртібі**

8-1. Әлеуетті жеткізушінің, жеткізушінің электрондық әмиянға орналастырылған ақшаны қайтару туралы талап етуі бойынша сатып алу порталының операторы осындай талап келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілген, оған қатысты бұғаттау жүзеге асырылмаған немесе бұғаттау тоқтатылған ақшаны қайтарады.

8-2. Сатып алу порталының операторы Қағидалардың [14-тармағында](#) көрсетілген шешім қабылдау туралы хабарландыруды сатып алу порталында орналастырған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде әлеуетті жеткізушінің, жеткізушінің электрондық әмиянына орналастырылған ақша түріндегі тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді бұғаттан шығарады.

8-3. Әлеуетті жеткізуші электрондық әмиянға ақша орналастыру түріндегі тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді таңдаған кезде сатып алу порталының операторы тендерлік өтінімді қамтамасыз ету сомасын бұғаттайды.

Сатып алу порталының операторы электрондық әмиянға орналастырылған ақша түріндегі тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді:

1) Қағидалардың [76-тармағында](#) көзделген жағдайлардың бірі басталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұғаттан шығарады. Қағидалардың 76-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) сатып алу туралы шарт күшіне енген және (немесе) тендердің жеңімпазы сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде сатып алу порталы арқылы сатып алу порталының операторына өтініш жібереді;

2) Қағидалардың [77-тармағында](#) көзделген жағдайлардың бірі басталған кезде бұғаттан шығармайды.

Сатып алу порталының операторы тапсырыс берушіден (сатып алуды ұйымдастырушыдан) сатып алу порталы арқылы өтініш келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде әлеуетті жеткізушінің электрондық әмиянынан Қағидалардың 77-тармағына сәйкес бұғатталған тендерлік өтінімді қамтамасыз ету бойынша ақшаны өтініште көрсетілген тапсырыс берушінің шотына аударады.

8-4. Жеткізуші сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді электрондық әмиянға ақша орналастыру түрінде таңдаған кезде сатып алу порталының операторы жеткізуші шарт бойынша міндеттемелерді толығымен және тиісінше орындағанға дейін сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын бұғаттайды.

Сатып алу порталының операторы тапсырыс берушіден сатып алу порталы арқылы өтініш келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде:

1) жеткізуші өзінің шарттық міндеттемелерін толығымен орындаған, тұрақсыздық айыбын төлеген жағдайда электрондық әмиянға орналастырылған ақша түріндегі сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді бұғаттан шығарады;

2) жеткізуші өзінің шарттық міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы, тұрақсыздық айыбын төлемеуі салдарынан шарт бұзылған жағдайда, шарттың орындалуын

Документ: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы (2024.17.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 07.10.2018 г.

қамтамасыз ету бойынша бұғатталған ақшаны жеткізушінің электрондық әмиянынан өтініште көрсетілген тапсырыс берушінің шотына аударады.

8-5. Сатып алу порталының операторы Қағидалардың [202-тармағына](#) сәйкес шешім қабылдау туралы хабарландыруды сатып алу порталында орналастырған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде әлеуетті жеткізушінің электрондық әмиянына орналастырылған ақша түріндегі тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді бұғаттан шығарады.

8-6. Сатып алу порталының операторы Қағидаларда көзделген есеп айырысу операцияларын жүзеге асыруға арналған банк шотына өз ақшасын есепке жатқызбайды, сондай-ақ әлеуетті жеткізушілер, жеткізушілер көрсетілген банк шотына енгізген тендерлік өтінімдерді қамтамасыз етуді, сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді пайдаланбайды.

## **2-тарау. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлау**

*ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 Қаулысымен 9-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))*

9. Тапсырыс беруші бекітілген бюджеттің негізінде Қағидаларға [1-1-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарын (бұдан әрі - сатып алу жоспары) әзірлейді.

*ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 Қаулысымен 10-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))*

10. Қаржы жылына арналған сатып алу жоспары Қағидаларда белгіленген тәртіппен, оның ішінде жұмыс істеуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ тапсырыс берушінің мемлекеттік функцияларын не жарғылық қызметін орындауға қажетті тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге деген қажеттілігі негізінде қалыптастырылады.

11. Сатып алу жоспарын (оған өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды) тапсырыс берушінің бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген өзге тұлға бекітеді және ол мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы;
- 2) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген, қосылған құн салығы есепке алынбаған сома;
- 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру тәсілі мен мерзімдері.

Тапсырыс беруші ұзақ мерзімді шарт жасауды жоспарлаған кезде, сатып алу үшін бөлінген сома сатып алу жоспарында әрбір қаржы жылына бөліне отырып көрсетіледі.

12. Тапсырыс беруші сатып алу жоспары бекітілген (оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген) күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оны тапсырыс берушінің интернет-ресурсында және (немесе) сатып алу порталында орналастырады.

13. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) бекітілген сатып алу жоспарының негізінде жүзеге асырады.

14. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырудан бас тартуға:

Документ: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы (2024.17.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 07.10.2018 г.

1) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жұмсалатын шығыстар қысқартылған;

2) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орынсыздығы негізделген;

3) дүлей күш жағдайлары басталған жағдайларда жол беріледі.

15. Тапсырыс беруші тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудан бас тартуды сатып алу жоспарына енгізілген тиісті өзгерістер негізінде жүзеге асырады.

Тапсырыс беруші осындай шешім қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сатып алуды ұйымдастырушы мыналарды жүзеге асырады:

1) өткізілетін сатып алуға қатысатын тұлғаларды қабылданған шешім туралы хабардар етеді және тиісті хабарландыруды тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында және (немесе) сатып алу порталында жариялайды;

2) тендерлік өтінімдерді қамтамасыз етуді және (немесе) шарттардың орындалуын қамтамасыз етуді қайтарады.

16. Тапсырыс беруші Қағидалардың [14-тармағының 1\) және 2\) тармақшаларында](#) көрсетілген негіздер бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудан бас тартқан жағдайда, сатып алу жоспарына ағымдағы жылы осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қажеттілігін және шығыстарды ұлғайту немесе орындылығының туындауы бөлігінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

### 3-тарау. Сатып алу тәсілдері

17. Сатып алу келесі тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:

1) тендер, оның ішінде бағаны төмендетуге сауда-саттықты қолдана отырып;

2) баға ұсыныстарын сұрату;

3) тікелей шарт жасау тәсілдерімен жүзеге асырылады.

*ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.18.05. № 70 Қаулысымен 18-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))*

18. Қағидалардың [17-тармағында](#) көзделген тәсілдермен жүзеге асырылатын сатып алулар Қағидаларда көзделген тәртіппен электрондық сатып алу арқылы да жүргізіледі.

19. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәсілін тапсырыс беруші дербес таңдайды.

*ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.18.05. № 70 Қаулысымен 20-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))*

20. Тапсырыс беруші сатып алу тәсілін осындай сатып алуды тапсырыс берушінің атынан тапсырыс беруші филиалының, өкілдігінің жүзеге асыру талабы кезінде оның филиалының және (немесе) өкілдігінің қызметін қамтамасыз етуге қажетті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жылдық көлеміне орай айқындайды.

### 4-тарау. Тендер тәсілімен сатып алу

Документ: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы (2024.17.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 07.10.2018 г.

## **1-параграф. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тендер тәсілімен сатып алуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

21. Біртекті болып табылмайтын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде сатып алуды ұйымдастырушы осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды олардың біртекті түрлері бойынша лоттарға бөле отырып тендер тәсілімен өткізеді.

22. Тендер тәсілімен сатып алуды ұйымдастыру және өткізу үшін тапсырыс беруші:

1) тендерлік комиссияның құрамын, тендерлік комиссия хатшысының кандидатурасын, сондай-ақ Қағидаларда көзделген жағдайларда сараптама комиссиясының құрамын (сарапшының кандидатурасын);

2) сондай-ақ мыналар кіретін тендер талаптарын:

Қағидаларға [2-қосымшаға](#) сәйкес жасалған, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің толық сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық сипаттамасы қамтылатын, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекше нұсқамасын (бұдан әрі - ерекше нұсқама);

Қағидаларға [3-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін бағалау өлшемшарттарын қолдану және олардың маңыздылығының шамасын есептеу әдістемесі (болған кезде);

сатып алу туралы шарттың жобасын бекітеді.

*ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2022.21.11. № 109 Қаулысымен 23-тармақ өзгертілді (2022 ж. 18 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

23. Мыналар:

1) орнатылған жабдықты, сондай-ақ бағдарламалық қамтамасыз етуді (лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді, ақпараттық жүйені) толық жасақтау, жаңғырту, толық жарактандыру, техникалық қолдау;

2) тапсырыс берушіде бар тауарды (жабдықты) жөндеу және (немесе) оған қызмет көрсету үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды қоспағанда, техникалық ерекше нұсқамада тауар таңбаларының нұсқауларын, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларын, патенттерді, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерін, тауардың шығарылған жерінің және өндірушінің атауын, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті жеткізушіге тиесілігін айқындайтын өзге де сипаттамаларды көрсетуге жол берілмейді.

24. Әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін бағалау өлшемшарттарын белгілеу қажеттілігін тапсырыс беруші дербес айқындайды.

25. Әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін бағалау өлшемшарттарын қолдану (бұдан әрі - бағалау өлшемшарттары) Қағидаларға [4-қосымшаға](#) көзделген әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін бағалау өлшемшарттарын қолдану және олардың маңыздылығы шамасын есептеу әдістемесіне сәйкес айқындалады.

26. Техникалық ерекше нұсқаманы әзірлеуді, әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін бағалау өлшемшарттарын және олардың мәнінің мөлшерін белгілеуді тапсырыс берушінің функциялары сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің мәніне сәйкес келетін бөлімшелерінің (филиалдарының) қызметкерлері қамтамасыз етеді.

